

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі



2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша
№ 121 баспасөз – релизі

Қазақстан Республикасының банк секторы 2-бет

Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығы
6-бет


Жинақтаушы зейнетақы жүйесі 8-бет

Бағалы қағаздар нарығы 10-бет


Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар 12-бет

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың мүдделерін қорғау 13-бет


Банк секторы



Сақтандыру секторы



ЖЗ? зейнета?ы активтеріні? ж?не номиналды кіріс коэффициентіні? ара?атынасы



* - Меншікті капитал пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша
Қазақстан Республикасының қаржы нарығының негізгі көрсеткіштері
(млрд. тенге)

Атауы	Банк секторы	Жинақтаушы зейнетақы қоры	Сақтандыру секторы	Банктік емес ұйымдар
Жиынтық активтер	11 899,3	64,4	268,8	214,7
Жиынтық міндеттемелер	10 441,0	16,7	102,9	162,4
Меншікті капитал	1 458,4	47,7	165,9	52,3

БАНК СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша, қорытынды айналымды ескермегенде)


2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының банк секторы 37 екінші деңгейдегі банкпен көрініс алды.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтері бір айда 53,3 млрд. теңгеге немесе 0,4%-ға азайып, 11 899,3 млрд. теңге болды, сонымен бірге 2008 жылы ұлғаю 214,7 млрд. теңгені құрады немесе 1,8% болды.


2009 жылғы 1 қаңтарда банк секторының жиынтық есептелген меншікті капиталы бір айда 15,2 млрд. теңгеге немесе 0,8%-ға ұлғайып, 1 953,9 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, 2008 жылы ұлғаю 173,7 млрд. теңгені құрады немесе 9,8% болды.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша (банктердің несиелік портфелі (банкаралық заемдарды есепке алғанда) желтоқсанда 110,7 млрд. теңгеге немесе 1,2%-ға ұлғайып, 9 238,4 млрд. теңгені құрады, ал ағымдағы жылдың басынан бастап ұлғаю 370,1 млрд. теңгені құрады немесе 4,2% болды. Бұл ретте, ҚР резиденттері еместерге займдар ағымдағы жылдың 1 қаңтарында 1 537,3 млрд. теңгені құрады немесе несиелік портфелінің 16,6%-ы болды (1.01.2008ж. осы көрсеткіш 1 413,6 млрд. теңге немесе 15,9% болған)

Активтер, міндеттемелер жә не есептелген меншікті капитал



Банктердің несиелік портфелі (млрд. теңге)



Екінші деңгейдегі банктердің несиелік портфелі бойынша, оның ішінде 1.01.2009ж. Қазақстан Республикасының резиденті еместерге берілген займдар бойынша ақпарат

млрд. теңге


№	Банктер атауы	Несие портфелі	Резидент еместерге заемдар	Банк жүйесі бойынша резидент еместерге жиынтық займдардағы банктің резидент еместерге	Несие портфеліндегі резидент еместерге займдардың үлесі, %
1	"БТА Банк" АҚ	2 323,6	1 090,8	71,0	46,9
2	"КАЗКОММЕРЦБАНК" АҚ	2 160,6	265,0	17,2	12,3
3	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	1 232,2	105,7	6,9	8,6
4	"АТФБанк" АҚ	808,4	8,8	0,6	1,1
5	"Альянс Банк" АҚ	680,2	22,1	1,4	3,3
6	"Банк ЦентрКредит" АҚ	662,5	20,3	1,3	3,1
7	"БТА БАНК" АҚ ЕҰ - "ТЕМІРБАНК" АҚ	256,7	2,0	0,1	0,8
8	"Нұрбанк" АҚ	244,0	9,6	0,6	3,9
9	"KASPI BANK" АҚ	189,3	3,5	0,2	1,8
10	"Еуразиялық Банк" АҚ	128,0	8,3	0,5	6,5

11	"ЦЕСНАБАНК" АҚ	93,0	0,1	0,0	0,1
12	"Сбербанк" АҚ ЕБ	77,6	0,0	0,0	0,0
13	"HSBC БАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ ЕБ	62,0	0,2	0,0	0,4
14	"RBS (Kazakhstan)" ЕБ АҚ	61,6	0,2	0,0	0,4
15	"Қазинвестбанк" АҚ	56,5	0,0	0,0	0,0
16	"Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ	44,0	-	0,0	0,0
17	"ЭКСИМБАНК ҚАЗАҚСТАН" АҚ	39,6	0,1	0,0	0,3
18	"Ситибанк Қазақстан" АҚ	29,1	0,1	0,0	0,3
19	"Delta Bank" АҚ	20,8	-	0,0	0,0
20	"АЛЬФА-БАНК" ЕҰ" АҚ	17,4	0,0	0,0	0,0
21	"Хоум Кредит Банк" АҚ	12,7	-	0,0	0,0
22	"БанкПозитив Қазақстан" АҚ	7,9	0,2	0,0	2,0
23	"МЕТРОКОМБАНК" АҚ	4,7	0,2	0,0	3,7
24	"КЗИ БАНК" ЕБ" АҚ	4,5	0,1	0,0	2,9
25	"Астана-финанс" Банкі" АҚ	3,9	-	0,0	0,0
26	"ЛАРИБА-БАНК" ББ" АҚ	3,3	-	0,0	0,0
27	"Сенім-Банк" АҚ	2,5	-	0,0	0,0
28	"Заман-Банк" АҚ	2,2	-	0,0	0,0
29	"Данабанк" АҚ	2,1	-	0,0	0,0
30	"Мастербанк" АҚ	1,8	-	0,0	0,0
31	"ТАИБ ҚАЗАҚ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,8	0,0	0,0	0,1
32	"Экспресс Банк" АҚ	1,6	-	0,0	0,0
33	"ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫТАЙ БАНКІ" ЕБ АҚ	1,0	-	0,0	0,0
34	"Қазинкомбанк" АҚ	0,8	-	0,0	0,0
35	"Пәкстанның Қазақстандағы ҰБ" ЕБ АҚ	0,3	0,0	0,0	4,5
36	"ҚСӨБ" АҚ	-	-	0,0	
37	"Шинхан Банк Қазақстан" АҚ	-	-	0,0	
Жиынтығы		9 238,4	1 537,3	100,0	16,6

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің кредиттік портфелінің құрылымындағы стандартты кредиттердің үлесі 43,3%, күмәнділер – 52,3%, үмітсіздер – 4,4% болды. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі 39,7%-ды, күмәнділер – 58,8%-ды, үмітсіздер – 1,5%-ды құраған. 5 санатты күмәнді және үмітсіз заемдарға қатысты кредиттердің сомасы (біркелкі кредиттер бойынша провизияларды ескере отырып) ¹ 744,2 млрд.теңге болды немесе жиынтық несие портфелінің 8,1%-ын құрады (1.01.2008ж. – 283,1 млрд.теңге немесе 3,2%).

Төлемдер бойынша 90 күннен асатын мерзімі өткен берешегі бар заемдар ағымдағы жылдың 1 қаңтарында 477,9 млрд. теңгені немесе банктердің несие портфелінің 5,2%-ын құрады (1.12.2008ж. – 476,0 млрд.теңге немесе 5,2%).

01.01.2009ж. жағдай бойынша заемдар жөніндегі провизиялардың көлемі есепті айда 62,0 млрд.теңгеге немесе 6,5%-ға және жыл




¹ Бірыңғай кредиттердің портфелі бойынша жұмыс істемейтін заемдар нақты құрылған провизиялардың сомасы ретінде ескеріледі

басынан бастап 95,6%-ға өсе отырып, 1 020,5 млрд. теңгені немесе кредиттік портфельдің 11,0%-ын құрады.

01.01.2009ж. жағдай бойынша экономика салалары бөлігіндегі заемдар (жеке тұлғаларды есепке алмағанда) бір айда 144,2 млрд. теңгеге немесе 2,1%-ға ұлғайып, 7 160,0 млрд. теңгені құрады. Сонымен қатар, есепті айда мына салалар бойынша: жеке қызмет –2,4%-ға; байланыс – 1,5%-ға азаю байқалады. Бұл ретте мынадай салаларда: көлік –2,5%-ға; өнеркәсіп – 2,4%-ға; өндірістік емес сала – 2,3%-ға; сауда - 2,2%-ға; құрылыс – 2,0%-ға; ауыл шаруашылығы - 1,1%-ға өсу байқалады.

Екінші деңгейдегі банктердің резидент еместер алдындағы міндеттемелері



Жыл басынан бастап экономика салалары бөлігіндегі заемдар 641,0 млрд. теңгеге немесе 9,8%-ға өскен.


01.01.2009ж. жағдай бойынша жиынтық міндеттемелер 10 441,0 млрд. теңгені құрады, оның ішінде резидент еместер алдындағы міндеттемелер жыл басынан бастап 776,2 млрд. теңгеге немесе 14,2%-ға азайып, 4 687,6 млрд. теңгені немесе жиынтық міндеттемелердің 44,9%-ын құрады.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша заңды және жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы сомасы (банктерден және халықаралық қаржы ұйымдардан басқа) бір айда 80,9 млрд. теңгеге немесе 1,2%-ға азайып, 6 872,6 млрд. теңгені құрады, ал 2008 жылы 448,6 млрд.теңгеге немесе 7,0%-ға ұлғайды. Заңды тұлғалардың салымдарының сомасы (арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдарын қоса есептегенде) желтоқсан айында 119,9 млрд.теңгеге (2,2%) азайып, 5 372,3 млрд. теңгені (салымдардың жалпы сомасының 78,2%-ы) құрады, жыл бойы ұлғаю 396,2 млрд. теңге (8,0%) болды. Арнайы мақсаттағы еншілес ұйымдардың салымдары бір айда 11,2 млрд. теңгеге (0,5%) ұлғайып, 2 284,5 млрд. теңге болды, ал жыл басынан бастап 244,5 млрд.теңгеге (9,7%) азайды. Жеке тұлғалардың салымдарының сомасы 2008 жылғы желтоқсан айында 39,0 млрд.теңгеге (2,7%) ұлғайып, 1 500,3 млрд. теңгені (салымдардың жалпы сомасының 21,8%-ы) құрады, ал ағымдағы жылдың басынан бастап 52,4 млрд.теңгеге (3,6%) ұлғайды.

ҚР ЕДБ өтеуге дейін қалған төлем мерзімі бойынша резидент еместер алдындағы міндеттемелері

млрд. теңге	
Атауы	Сомасы
Талап еткенге дейін	89,9
1 айға дейін	133,2
1 айдан 3 айға дейін	308,2
3 айдан 6 айға дейін	282,5
6 айдан 1 жылға дейін	558,0
1 жылдан 2 жылға дейін	547,2
2 жылдан 3 жылға дейін	581,0
3 жылдан 5 жылға дейін	758,2
5 жылдан аса	1 415,2
Қаржылық емес міндеттемелер	14,2
Резидент еместер алдындағы міндеттемелер	4 687,6

Меншікті капитал жеткіліктілігінің көрсеткіштері



Ағымдағы жылдың 1 қаңтарындағы капиталдың тепе-теңдік көрсеткіштері k1 – 0,12; k2 – 0,15 (01.01.08ж.: k1 – 0,11; k2 – 0,14) болды.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банктердің жиынтық активтеріне қатысты өтімді активтерінің үлесі 13,6%-ды құрады.

2009 жылғы 1 қаңтарда екінші деңгейдегі банктер кірістерінің жиынтық сомасы 2 934,7 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылдың осыған ұқсас көрсеткішінен 63,5%-ға көп. Шығыстар сомасы – 2 897,2 млрд. теңге (есепті күнде болған 22,0 млрд. теңге табыс салығын ескерместен); өсім өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 89,1%. Банктердің бөлінбеген таза кірісі 2009 жылғы 1 қаңтарда 15,4 млрд. теңге болды, бұл өткен жылғы көрсеткіштен 92,9%-ға төмен.

Банктік заңнаманы бұзғаны үшін 2008 жылғы желтоқсан айында банктерге 1 жазбаша ескерту, 1 міндеттеме-хат, жазбаша ұйғарым шығарылды.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сот шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 5 банк бар ("Валют-Транзит Банкі" АҚ, "Наурыз Банк Қазақстан" АҚ, "Бизнесбанк" ААҚ, "Қазпочтабанк" ААҚ, "Көмірбанк" ААҚ).

2008 жылғы желтоқсан айында екінші деңгейдегі банктердің және банк конгломераттарының қызметін реттеу мәселелері бойынша Агенттік Басқармасымен бірқатар қаулылар қабылданды:

- «Банктің меншікті облигацияларымен және міндеттемелеріне банк кепілдік берген осы банктің еншілес ұйымдары шығарған облигацияларымен мәмілелер жасау ережесін бекіту туралы»;

- «Екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі Нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 116 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 359 қаулысына өзгерістер енгізу туралы»;

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктер үшін пруденциалдық нормативтер есеп айырысуларының нормативтік мәні мен әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 358 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

- «Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2000 жылғы 2 маусымдағы № 262 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы».

2008 жылғы желтоқсан айында «Екінші деңгейдегі банктерге банк холдингі мәртебесін беру туралы» 12 қаулы шығарылды.

Сондай-ақ, Агенттік Басқармасымен «Кредит Алтын Банк» АҚ ашуға рұқсат беруден бас тарту туралы» қаулы қабылданды.

САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫ (алдын ала деректер бойынша)


2009 жылғы 1 қаңтарда Агенттікпен берілген лицензияларға сәйкес республиканың қаржы нарығында 44 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қызмет етті, бұл ретте өмірді сақтандыру жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия 8 ұйымда бар, көлік құралдары иелерінің АҚЖ міндетті сақтандыру бойынша лицензия - 29 ұйымда бар. Сондай-ақ, сақтандыру қызметі нарығында 12 сақтандыру брокері және 55 актуарий қызметін жүзеге асыруда.

Сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтері 2008 жылы 20,2%-ға өсіп, желтоқсан айында 0,3 млрд. теңгеге немесе 0,1%-ға кеміді де, 2009 жылғы 1 қаңтарда 268,8¹ млрд. теңге болды. Жиынтық меншікті капитал 31,4%-ға өсіп, 165,9 млрд. теңгені құрады, бір айда ұлғаю 3,1 млрд. теңге немесе 1,9% болды. Сақтандыру резервтерінің сомасы 86,3 млрд. теңгені құрады.

Тура сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 133,5 млрд. теңге болды, бұл 2008 жылғы ұқсас көрсеткіштен 9,4%-ға аз. Оның ішінде, сыйлықақыларының көлемі 52,3%-ға өсіп, 30,0 млрд. теңге болды, ерікті жеке сақтандыру бойынша сақтандыру сыйлықақылары 18,9 млрд. теңге (өсімі 16,7%), ерікті мүлдік сақтандыру бойынша – 84,6 млрд. теңге (азаяуы - 24,1%) болды.

«Өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру сыйлықақыларының көлемі 2007 жылмен салыстырғанда 2008 жылы 23,4%-ға өсті де, 01.01.2009ж. 5,8 млрд. теңге болды, ал жиынтық сақтандыру сыйлықақыларындағы өмірді сақтандырудың үлесі 4,3% (2008 жылғы 1 қаңтарда 3,2% болған) болды.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша қайта сақтандыруға берілген сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 60,4 млрд. теңге болды немесе сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 45,2%-ын құрады, бұл ретте резидент еместерге қайта сақтандыруға сақтандыру сыйлықақыларының жалпы көлемінің 38,9%-ы берілді (01.01.2008ж. резидент еместерге




133,5 млрд. теңге болды, бұл 2008 жылғы ұқсас міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру



¹ Активтер сомасы қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып көрсетілген (өзгерістер ҚРҰБ Басқармасының 2007 жылғы 20 маусымдағы № 86 қаулысымен енгізілген)

Сақтандыру төлемдері



қайта сақтандыруға тапсырылған сақтандыру сыйлықақыларының үлесі 33,5% болды).

2008 жылы тура сақтандыру шарттары бойынша жүргізілген сақтандыру төлемдерінің көлемі 55,9 млрд. теңге болды, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 13,6%-ға жоғары. Оның ішінде, міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру төлемдерінің көлемі 9,0 теңге болды (өсуі - 63,6%), ерікті жеке сақтандыру бойынша – 8,2 млрд. теңге (ұлғаюы - 95,2%) және ерікті мүліктік сақтандыру бойынша – 38,7 млрд. теңге (азаюы - 2,0%).

Қазіргі уақытта сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінде 32 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары қатысады.

2008 жылғы желтоқсан айында сақтандыру нарығының қызметін реттейтін заңнаманы бұзушылықтарды жою мақсатында сақтандыру ұйымдарының атына Агенттікпен 10 ұйғарым-хат, 4 жазбаша міндеттеме және 5 жазбаша келісім жіберілді.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 1 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы бар ("Валют-Транзит Полис" СК" АҚ).

2008 жылғы желтоқсан айында "Қазагрополис" СҰ ААҚ мәжбүрлеп тарату процесі аяқталды (4.12.2008ж. № 19281 заңды тұлғалар тізілімінен шығару туралы бұйрық).

2008 жылғы желтоқсан айында сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттеу мәселелері бойынша Агенттік Басқармасымен мынадай қаулы қабылданды:

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы Нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы».

ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры жұмыс істейді, олардың республика өңірлерінде 75 филиалы және 48 өкілдігі бар.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 13 заңды тұлғада бар, олардың ішінде 9 қорда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар. 2008 жылғы желтоқсан айында жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия берілген жоқ.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1 415,5 млрд. теңгемен 9 613 112 болды. 2008 жылғы желтоқсан айында міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны 47 157 немесе 0,49 %-ға өскен.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) шоттарының саны өткен жылдың желтоқсан айында 125 (0,30 %) азайып, 2009 жылғы 1 қаңтарда жалпы жинақталған зейнетақы қаражаттарының 959,2 млн. теңге сомасымен 41 499 болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы қаражаттары бойынша салымшылар шоттарының саны 2008 жылғы желтоқсан айында 4-ке (0,10 %) азайып, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражаттарының жалпы сомасы 57,6 млн. теңгемен 4 030 шот болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты өткен жылдың желтоқсан айында 42,1 млрд. теңгеге (3,05 %) ұлғайып, 2009 жылғы 1 қаңтарда 1 420,5 млрд. теңге болды. 2008 жылдың қаңтар - желтоқсан айларында жинақталған зейнетақы қаражатының өсімі 212,4 млрд. теңге болды, бұл 2007 жылғы тиісті кезеңде қалыптасқан жинақталған зейнетақы қаражатының өсімінен 86 млрд.теңгеге (28,82 %) кем. Жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 2008 жылғы желтоқсан айында 27,8 млрд. теңгеге (2,40 %) өсіп, 2009 жылғы 1 қаңтарда 1 184,7 млрд. теңге болды.


Салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген, зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыларды шегергенде) өткен жылдың желтоқсан айында 16,5 млрд. теңгеге (5,68 %) өсіп, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 306,9 млрд. теңге болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2009 жылғы 1 қаңтарда 21,61%-ды құрады немесе 2008 жылғы желтоқсан айында 0,54 пайыздық тармаққа өсті.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларынан сақтандыру ұйымдарына зейнетақы төлемдері мен аударымдары 92,1 млрд. теңге болды. 2008 жылғы желтоқсан айында қорлармен алушыларға жалпы сомасы 2,6 млрд. теңге (2,91%) зейнетақы төлемдері жүзеге асырылды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан басқасына аударым жасау өткен жылдың желтоқсан айында 15,0 млрд. теңгеге (4,84%) өсіп, 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 325,1 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының, "таза" инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд. теңге)



2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша орташа алынған номиналды кіріс коэффициенттері мыналарды құрады:

- 5 жылдық кезеңге (2003 жылғы желтоқсан – 2008 жылғы желтоқсан) – 36,61% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 61,90%). Түзетілген орташа алынған номиналды кіріс коэффициенті – 30,19%;

- 3 жылдық кезеңде (2005 жылғы желтоқсан – 2008 жылғы желтоқсан) – 22,79% (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 41,01%);

- 12 айда (2007 жылғы желтоқсан – 2008 жылғы желтоқсан) – (-0,84%) (ұқсас кезеңде жинақталған инфляция деңгейі – 9,50%).

2008 жылғы желтоқсан айында ҚР қолданыстағы заңнамасының жекелеген нормаларын орындамағаны үшін жинақтаушы зейнетақы қорларының атына 2 жазбаша міндеттеме, 3 жазбаша ұйғарым жіберілді.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша соттың шешімі бойынша мәжбүрлеп тарату процесінде 1 жинақтаушы зейнетақы қоры тұр («ЖЗ «Валют-Транзит Қор» АҚ).

2008 жылғы желтоқсан айында жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу мәселелері бойынша Агенттік Басқармасымен бірқатар қаулылар қабылданды:

- «Жинақтаушы зейнетақы қорларынан жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау ережесін бекіту туралы»;

- «Жинақтаушы зейнетақы қорларының жарғылық капиталы туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 21 наурыздағы № 96 қаулысының күші жойылғанын тану туралы»;

- «Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандырудың үлгі шарттарын бекіту туралы»;

- «Жинақтаушы зейнетақы қорларындағы салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарында жинақталған зейнетақы қаражатының есебін жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Қаржы рыногын және қаржылық ұйымдарды реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 12 маусымдағы № 153 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы»;

- «Жинақтаушы зейнетақы қорының дауыс беруші акцияларының жиырма бес пайыздан астамын тура немесе жанама иеленетін ашық жинақтаушы зейнетақы қорының ірі қатысушысының ашық жинақтаушы зейнетақы қорының меншікті капиталы жеткіліктілігі коэффициенттерін қолдау жөніндегі шаралар туралы нұсқаулықты бекіту туралы»;

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің кейбір нормативтік құқықтық актілеріне жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ұйымдардың, және бағалы қағаздар рыногындағы кәсіби қызмет түрлерін қосып атқарушы ұйымдардың қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы».

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Корпоративті бағалы қағаздар нарығында қолданыстағы шығарылымы бар акционерлік қоғамдар саны 2009 жылғы 1 қаңтарда 2 240 қоғам болды. Сондай-ақ, нарықта 104 брокер-дилер, 15 тіркеуші, 11 кастодиан банк, 13 зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (ЗАИБЖҰ), 66 инвестициялық портфельді басқарушы және 4 трансфер-агент жұмыс істейді.

2008 жылы 511 акция шығарылымы (проспектілеріне өзгерістер енгізілген және мемлекеттік тіркеу туралы куәлігі ауыстырылған акциялар шығарылымын есепке алғанда) тіркелді.

Сондай-ақ, 2008 жылы жалпы номиналды құны 731,2 млрд. теңгеге 82 облигация шығарылымы, 538,0 млрд. теңге сомасына 13 облигациялық бағдарлама тіркелді. Қолданыстағы облигациялық бағдарламалардың саны 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалпы номиналды құны 1 738,9 57 млрд. теңгеге 57 шығарылым болды. 2008 жылы өтелген облигациялар шығарылымының саны 47,3 млрд. теңге сомасына 18 шығарылым болды. 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша айналыста 347 қолданыстағы мемлекеттік емес облигациялардың шығарылымдары болды, олардың жиынтық номиналды құны 2 129,2 млрд. теңгені құрады.

2008 жылы 45 инвестициялық пай қорлары тіркелді, өтелгендер саны – 30. Сөйтіп, бағалы қағаздар нарығында жұмыс істеп тұрған инвестициялық пай қорларының саны 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 205 (157 – жабық, 23 – ашық және 25 – аралық) болды. Сонымен қатар, есепті кезеңде 15 акционерлік инвестициялық қор тіркелді, осылайша, нарықта 54 акционерлік инвестициялық қор қызмет атқарады.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша KASE ресми тізіміне енгізілген ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар шығарылымдарының саны: «Борыштық бағалы қағаздар» секторы бойынша – 249 шығарылым, «Акциялар» секторы бойынша – 98 шығарылым және «Инвестициялық қорлардың бағалы қағаздары» секторы бойынша – 1 шығарылым.

Желтоқсан айында ҚР қолданыстағы заңнамасының бағалы қағаздар рыногы бойынша жекелеген нормаларын орындамағаны үшін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына қатысты 1 жазбаша ұйғарым және 1 жазбаша келісім жіберілді.


Қазіргі уақытта Қазақстанда қор биржасының ресми тізіміне кіргізілген «Досжан темір жолы (ДТЖ)», «РОСА» АҚ, «Трансстроймост» АҚ, «Алматы ликер-арақ зауыты» АҚ, «РЭМИКС-Р» АҚ, «ISKE СЭТ COMPANY» АҚ облигациялары бойынша дефолт жарияланды.

2008 жылғы желтоқсан айында бағалы қағаздар нарығы қатысушыларының қызметін реттеу мәселелері бойынша Агенттік Басқармасымен бірқатар қаулылар қабылданды:

- «Бағалы қағаздар рыногы мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілерге толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы»;

- «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің бағалы қағаздар рыногындағы қызметін лицензиялау және басшы қызметкерлерді келісу мәселелері бойынша кейбір нормативтік құқықтық актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы»;

- «Номиналды ұстау қызметін көрсететін бағалы қағаздар рыногы кәсіби қатысушыларының бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, бағалы қағаздар ұстаушысының жеке шотынан үзінді көшірмені ресімдеу мен беру және номиналды ұстаушының ақпаратты ашу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу



мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 61 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

- «Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізу ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 62 қаулысы»;

- «Орталық депозитарий қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы»;

- «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

- «Жеке шоттардың бірыңғай жүйесін жүргізуге арналған үлгі шартты бекіту туралы».

БАНК ОПЕРАЦИЯЛАРЫНЫҢ ЖЕКЕЛЕГЕН ТҮРЛЕРІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ҰЙЫМДАР СЕКТОРЫ (алдын ала деректер бойынша)



2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша республиканың қаржы рыногында банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыруға лицензиялары бар 12 ипотекалық ұйым және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын 22 ұйым тіркелді.

2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ипотекалық ұйымдардың жиынтық активтерінің сомасы 214,7 млрд. теңге болды, жыл басынан азаюы - 1,4 млрд. теңге немесе 0,6%.

Жиынтық міндеттемелер 2008 жылғы 1 қаңтардағы деректермен салыстырғанда 9,2 млрд. теңгеге немесе 5,4%-ға азайып, 162,4 млрд. теңгені құрады. Ипотекалық ұйымдардың меншікті капиталы 52,3 млрд. теңге болды, ағымдағы жылдың басындағы көрсеткішке қатысты өсім 17,5% (7,8 млрд. теңге) болды.


Есеп беру күнінде ипотекалық ұйымдардың жиынтық несиелік портфелі 170,4 млрд. теңге болды, 2008 жылғы 1 қаңтармен салыстырғанда төмендеуі - 5,5%.

Ипотекалық ұйымдардың кредиттік портфелінің құрылымында 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 86,7%, күмәнділердің үлесі - 12,4%, үмітсіздердің үлесі - 0,9% болды. 2008 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша стандартты кредиттердің үлесі - 95,5%, күмәнділердің үлесі - 3,9%, үмітсіздердің үлесі - 0,6% болды.



ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ТҰТЫНУШЫЛАРДЫҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ

2008 жылғы желтоқсан айында Агенттікке жеке және заңды тұлғалардан, сондай-ақ басқа мемлекеттік органдарынан 176 өтініш келіп түскен. Жалпы келіп түскен өтініштердің ішіндегі хаттардың 34,09% - екінші деңгейдегі банктердің, хаттардың 1,14% - бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің, хаттардың 16,48% - сақтандыру ұйымдарының, хаттардың 14,20% - жинақтаушы зейнетақы қорларының, хаттардың 0,57% - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың қызметі мәселелерін қозғады, 30,11% - ҚР заңнамасының нормаларын түсіндіру туралы өтінішімен заңды және жеке тұлғалардың сұратулары, 3,41% - Агенттік реттемейтін мәселелер бойынша болды.



Төменде екінші деңгейдегі банктердің, сақтандыру ұйымдарының, жинақтаушы зейнетақы қорларының және қызметін бағалы қағаздар нарығында жүзеге асыратын ұйымдардың бөлігіндегі өтініштер бойынша және өтініштердің жалпы көлеміндегі олардың үлес салмағы туралы мәліметтер келтірілген:

№ р/р	Қаржы ұйымының атауы	Өтініштер саны **	Қаржы нарығының тиісті секторындағы үлес салмағы, %
Банк қызметі			
1	«Альянс Банк» АҚ	7	11,6(6)
2	"Қазақстан Халық Банкі" АҚ	8	13,3(3)
3	«БТА Банк» АҚ	3	5,00
4	«Нұрбанк» АҚ	4	6,6(6)
5	«Казкоммерцбанк» АҚ	7	11,6(6)
6	«Банк ЦентрКредит» АҚ	1	1,6(6)
7	«АТФ Банк» АҚ	2	3,3(3)
8	«БТА Банк» АҚ ЕҰ - «Темірбанк» АҚ	4	6,6(6)
9	«МЕТРОКОМБАНК» АҚ	1	1,6(6)
10	"ЭКСПРЕСС БАНК" АҚ	1	1,6(6)
11	«Цеснабанк» АҚ	1	1,6(6)
12	«Kaspi Bank» АҚ	5	8,3(3)
13	«Еуразиялық банк» АҚ	3	5,00
Таратылатын (таратылған) банктер:			
14	"Валют-транзит Банк" АҚ	13	21,6(6)
	ЖИЫНТЫҒЫ:	60	34,09*
Банктік емес қызмет			
1	«ДИО АО «БТА Банк» АҚ ЕИҰ» «БТА Ипотека» АҚ	1	100,00

	ЖИЫНТЫҒЫ:	1	0,57*
Сақтандыру қызметі			
1	«Тұран Әлем Банкінің еншілес компаниясы «БТА Страхование» АҚ	3	10,34
2	«Мұнай сақтандыру компаниясы» АҚ	3	10,34
3	««Алтын Полис» СК» АҚ	6	20,69
4	"Валют-Транзит Life" ӨСК" АҚ	2	6,9
5	"Казкоммерц-Life" СК" АҚ	1	3,45
6	«Казкоммерц-Полис» СК» АҚ	1	3,45
7	«Premier Сақтандыру» АҚ	1	3,45
8	«НОМАД Иншуранс» СК» АҚ	1	3,45
9	"Атланта Полис" СК" АҚ	9	31,03
10	"БТА Банк" АҚ еншілес ұйымы "Лондон-Алматы" сақтандыру компаниясы" АҚ	1	3,45
11	"Астана-Финанс" СК" АҚ	1	3,45
	ЖИЫНТЫҒЫ:	29	16,48*
Бағалы қағаздар нарығы			
1	"Қаражанбасмұнай" АҚ	1	50.00
2	"Бірінші тәуелсіз тіркеуші" АҚ	1	50.00
	ЖИЫНТЫҒЫ:	2	1,14*
Жинақтаушы зейнетақы жүйесі			
1	«Ұлар Үміт» ЖЗҚ» АҚ	21	84.00
2	«АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН» ЖЗҚ» АҚ	1	4.00
3	«БТА Қазақстан» ЖЗҚ» АҚ	2	8.00
4	"Қорғау" ЖЗҚ» АҚ	1	4.00
	ЖИЫНТЫҒЫ:	25	14,20*

* - сектордың қаржы нарығындағы үлес салмағы

** - сұратулардың кейбірі негізделген болып табылмайды

Қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушылардың шағымдары мен өтініштерін қарау барысында анықталған заңнама нормаларын бұзғаны үшін желтоқсан айында Агенттікпен мынадай шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар қолданылды:

– 1 екінші деңгейдегі банкке қатысты – банктік займ бойынша заңсыз түрде ай сайынғы комиссия енгізгені үшін 1 жазбаша ұйғарым жіберілді.

– 1 сақтандыру ұйымына қатысты – 1 жазбаша ұйғарым жіберілді және 1 сақтандыру ұйымы Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы ҚР Кодексінің 174-бабының 12-бөлігі бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылды;

– 1 жинақтаушы зейнетақы қорына қатысты – салымшының шотына жинақталған зейнетақы қаражатын уақтылы аудармағаны үшін 1 жазбаша ұйғарым жіберілді.

Агенттік жеке тұлғаның «Банк ЦентрКредит» АҚ-ның іс-әрекеттеріне жасаған шағымын қарау барысында сыйақы сомасын дұрыс есептемеу бөлігінде банктік салым шартының талаптарын бұзушылықты анықтады. Банк қазіргі уақытта бұзушылықты жою бойынша шаралар қабылдады.

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның техникалық себептер бойынша салым сомасын уақтылы қайтармау бөлігінде «Золотой возраст» депозиті бойынша шарт талаптарын бұзғаны үшін Банктің атына бұзушылықтарды жою және бұдан былай мұндай бұзушылықтарды жібермеу туралы хат жіберілді. Сондай-ақ Агенттікпен өтінішті қарау нәтижелері төлем жүйесінің жұмыс

істеуін қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган ретінде Қазақтан Республикасының Ұлттық Банкіне жіберілетін болады.

«**Kaspi Bank**» **АҚ-ның** банктік займ бойынша белгіленген сыйақы ставкасын бір жақты тәртіппен өзгертуге тыйым салу бөлігінде Қазақтан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтамағаны үшін Агенттікпен шектеулі ықпал ету шарасын қолдану туралы мәселе қаралуда.

Сонымен қатар «**Нұрбанк**» **АҚ-ның** банк шоты туралы мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария еткені үшін Агенттікпен банкке қатысты шектеулі ықпал ету шарасын қолдану туралы мәселе қаралуда.

Сондай-ақ сақтандыру төлемін алу үшін қажетті жетпей тұрған құжаттар туралы зардап шегушіні белгіленген тәртіпте хабардар етпегені үшін Агенттікпен желтоқсан айында бұзушылықтың бір мәрте жіберілгендігі ескеріле отырып, «**Сая**» **СК**» **АҚ-ның** атына бұдан былай мұндай бұзушылықтарды жібермеу туралы көрсетіліп, хат жіберілді.

Агенттікке сұратылған құжаттардың толық пакетін ұсынбағаны үшін, сондай-ақ сақтандырылушыны оның сақтандыру төлемін алуы үшін қажетті құжаттарды ұсыну туралы уақтылы хабардар етпегені үшін «**НАСКО – ҚАЗАҚСТАН**» **халық сақтандыру компаниясы**» **АҚ-ның** атына жетпей тұрған құжаттарды алған кезде сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы көрсетіліп, хат жіберілді.

Сақтандыру төлемін төлеуден толық немесе ішінара бас тартылғаны туралы шешімді пайда алушыға уақтылы жібермегені үшін «**Пана Иншуранс**» **СК**» **АҚ-ның** атына бұдан былай мұндай бұзушылықтарды жібермеу және сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы көрсетіліп, хат жіберілді.

Есепті айда зардап шегушіні мүлікке (көлікке) келтірілген шығынның көлемін бағалау туралы есеппен таныстырмағаны үшін «**Мұнай сақтандыру компаниясы**» **АҚ-ның** атына осы бұзушылықты жою туралы көрсетіліп, хат жіберілді.

Сондай-ақ Агенттікке сұратылған құжаттардың толық пакетін ұсынбағаны үшін «**Альянс Полис**» **СК**» **АҚ-ға** қатысты шектеулі ықпал ету шараларын қолдану туралы мәселе қаралуда.